

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 08 желтоқсандағы N 14017 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 08 қаңтарда № 4315 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 963 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 27.06.2016 № 963 қаулысымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес және Өскемен қаласының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 16 қазандағы № 543/01-08 ұсынымның негізінде Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Самсоновка ауылынан оңтүстік-батысқа қарай учаскеде орналасқан "Айка" шаруа қожалығының аумағында ірі-қара малдың бруцеллезі ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Өскемен қаласы әкімінің орынбасары А.М. Исқақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Өскемен қаласының әкімі*

*Т. Қасымжанов*